

**Қамқоршылық кеңесі отырысының
хаттамасы №3**

О.Әлібаев ЖОББМ

29.12.2020 ж.

сағ.10⁰⁰

Төрайымы: Ибраева А (ата-ана)

Хатшы: Г.Уалиева (әлеуметтік педагог)

Қатысқандар: Алин Д.Г- мектеп директоры, Желибаева Н.Б – тәрбие ісінің орынбасары.

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері-

Күржікова А.К (ата-ана)

Көпбосынов Ж.Г (шаруа қожалық иесі, ата-ана)

Жанпейісова Б.С (ата-ана)

Кабдиева С (ата-ана)

Кожамуратова Ж (ата-ана)

Исатаев О.К (шаруа қожалық иесі, ата-ана)

Махатова А (ата-ана)

Бекмаханова Ж (ата-ана)

Күн тәртібінде:

1. «Жалпыға бірдей оқу айлығы», «Қамқорлық» акциясы барысында көрсетілген көмек есебі .

Д.Г.Алин

Тыңдалды:

Сөйлемді 1.1: мектеп директоры- Д.Г.Алин

Мектеп директоры Д.Г.Алин сөз алғып, биылғы оқу жылында «Жалпыға бірдей оқу айлығы», «Қамқорлық» акциясы барысында көрсетілген көмек есебі жайлы токталды.

Тамыз айынан бастап күнкөрісі тәмен отбасылардан шыққан оқушыларға көмек көрсету үшін «Мектепке жол» республикалық акциясы ұйымдастырылды. Шілде айының басында Ш.Ералиев ауылының О.Әлібаев атындағы ЖОББ мектеп әкімшілігімен бірлесіп «Мектепке жол» акциясы негізінде атқарылған іс-шаралар жоспары құрылыш , хабарлама паракшалары ілінді. Жоспар бойынша көпбалалы, аз қамтылған, толық емес, қамқорлықтағы балалары бар отбасыларға рейд жасалынды. Тұрмысы аз қамтылған, жетім, ата-анасының қамқорынсыз қалған және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға колдау көрсету үшін акцияға катысушыларға арнайы хабарламалар жолданы. Мектебіміздің ұстаздар қауымынан 121 000 теңге көлемінде ақшалай және заттай көмек көрсетілді. Ауыл әкімшілігінен 65 000 теңге, кәсіпкерлерден 26 250 теңге, демеушілерден 85 000 теңге, 2 «Ә» сыныбының ата-аналарынан 13 000 теңге көлемінде қаржылай көмек жасалды. Жалпы жиналған қаржы көлемі 310 250 теңгені құрады. Аз қамтылған және көп балалы отбасыларынан шыққан 26 оқушыға оқуға қажетті оқу құралдары мен киім-кешек табыс етілді. 2 оқушыға мектеп формасын алуға ақшалай көмек жасалды. Қалған қаражатқа әлемдік пандемияға байланысты білім процесінің қашықтықтан оқытылуына орай аз қамтылған, көпбалалы, жалғыз басты ата-анасы бар отбасыларға біреуінің құны 20 000 теңге болатын 8 дана роутер құрылғысы 160000 теңгеге алынып, табыс етілді. Аудан әкімінің «Жаңа жыл» шыршасына аз қамтылған отбасынан шыққан 4 оқушыға сұраныс берілді. Нәтижесінде 2 оқушыға тәттілер берілді. Қалған 2 оқушыға тәттілер мен планшет сыйға берілді. Аудандық оқу бөлімінен 29 оқушыға 17 түрлі оқуға қажетті мектеп құралдарына көмек берілді. Аз қамтылған отбасынан шыққан 14 балаға қыстық жылы күрткалар берілді. Ақша көлемі 158 620 тг құрады.

Сөз алғандар: С.Кабдиева(ата-ана)

Мектептегі аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп отырған білім алушылардың сапалы білім алуына жағдай жасау мақсатында мектепке көмек жасап, демеушілерді тартуымыз қажет.

А.Махатова (ата-ана)

Атаулы көмекке мұқтаж оқушыларды басты назарға алып, үнемі демеушілік жасап отыруды қолға алуымыз керек.

Қаулы етілді:

1. «Қайырымдылық» іс-шараларына ауыл тұрғындарын, демеушілерді мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып тарту мақсатында шаралар ұйымдастыруға белсенділік таныту, көмек көрсету, ұйымдастыру кеңес мүшелеріне міндеттелінсін.

Кеңес мүшелері:

Күржікова А.К *Серекомъ*
Кожамуратова Ж *Жаныбай*
Исатаев О.К *Ольга*

Көпбосынов Ж.Г *ЖНК*
Махатова А *Мырзан*
Бекмаханова Ж *Бекіт*

Жанпейісова Б.С *Дарын*
Кабдиева С *Жаныбай*

Төрайымы: *Айнур* **А.Ибраева**
Хатшы: *Гульмира* **Г.Уалиева**